

Ғ.Б. Саржанова, А.Т. Төлеужан\*, С.М. Турбаева

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан  
(Хат-хабарларға арналған авторм. E-mail: bota.kz93@mail.ru)  
Scopus Author ID: 571895069231; ORCID: 0000-0002-3461-89631*

## **Білім алушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамытуда ашық білім беру ресурстарын пайдаланудың тиімділігі**

Мақалада қазіргі кезде әлем назарында тұрған басты мәселе ашық білім беру ресурстары (АББР) қарастырылды және оны шет тілдік сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін пайдаланудың маңыздылығы тұжырымдалды. Ашық білім беру ресурстары ұғымы алғаш 1990 жылдары пайда болды, алайда тек 2001 жылы ғана Массачусетс технологиялық институтының жобасы аясында алғаш рет білім беру ресурстары құрастырыла бастады. Аталмыш технологияның шетел тілін үйретуде бірқатар артықшылықтары бар. Алайда, тақырып аясында жүргізілген талдаулар нәтижесінде бірқатар кемшіліктер бар екендігі айқындалды. АББР пайдалану оқулықтарға тегін қолжетімділікті қамтамасыз етеді, уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді, білім алушылардың қызығушылығы мен ынтасын арттырады, сонымен қатар оқытушыларға сабақты түрлендіруге көмектеседі. Жетіспеушіліктеріне білім беру ресурсының сапасы және ғаламтордың әлемнің барлық аймақтарында болмауын жатқызуға болады. Бірақ бұл кедергілер уақытша мәселе болғандықтан, болашақта АББР әлемнің барлық елдерінде білім алушылар тарапынан көптеп қолданылады деген сеніміміз мол. Білім алушылардың шет тілдік сөйлеу дағдыларын АББР пайдалану арқылы дамыту айтарлықтай нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді, себебі АББР әлемдегі ғылым және білімге қатысты жаңашылдықтарды жылдам, әрі тиімді игеруге көмектеседі. Ал, шет тілдік дағдылардың дамуы тікелей тіл өкілдері ұсынған түрлі материалдарды үздіксіз пайдаланудың нәтижесінде қалыптасатыны сөзсіз. Сол материалдардың шетел тілі сабақтарында жиі пайдаланылуы көкейкесті мәселе болып отыр. Аталмыш мәселені шешу үшін АББР пайдалану бүгінде шарт болып табылады, яғни оқу үдерісінде түрлі құралдардың көп және тиімді пайдаланылуы оқытушыға білім алушылардың бойында қажетті дағдыларды қалыптастыруға жол ашады.

*Кілт* сөздер: ашық білім беру ресурстары, шетел тілінде сөйлеу дағдылары, ақпараттық технологиялар, сапалы білім, қосымша құрал, шетел тілі сабақтары, жаңашылдық, ақпараттандыру, білім беру жүйесі.

### *Kipicne*

Қазақстан Республикасында және әлемдік ақпараттық инфрақұрылымның түбегейлі өзгеруіне, заманауи ақпараттық-технологиялардың қарқынды дамуына байланысты қазіргі таңда адамзат өркениетінің дамуына керемет жаңа мүмкіндіктер ашылуда. Дәстүрлі ұлттық экономикалық, саяси, әлеуметтік стратегиялармен қатар «ақпараттандыру» үрдісі пайда болды [1]. Ақпараттандыру үрдісі қоғам саласының барлық түріне қатысты болғандықтан, әрбір тұлға оның тиімді тұстарын зерттеп, жетістікке жету үшін барынша қолдануда.

Қазіргі таңда білім беру жүйесі мазмұны жаһандық ақпараттандырудың дамуына байланысты көрініс табады. Ақпараттандыру дамыған сайын білім беру мазмұны да жыл сайын өзгеру үстінде. Себебі қоғамда пайда болған жаңашылдық, міндетті түрде білім беру саласына оң әсер ететіні сөзсіз. Нәтижесінде жан-жақты дамыған, заманауи біліммен қамтамасыз етілген, көптілді тұлғалар қалыптасады. Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялардың жылдам дамуына барлық дүниежүзі елдері куә. Ақпараттық технологиялардың білім алуға тиімділігі бұрыннан дәлелденген. Сол ақпараттық құралдар әлемдегі дамыған елдер тарапынан шығарылатын еңбектерді тануға мүмкіндік беріп отыр. Аталмыш құралды білім мен ғылымды меңгеру және онымен бөлісу үшін елімізде қолданбайтын тұлға жоқ шығар. Ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білім беру саласының сапалық көрсеткішін жоғарылату мен жетілдіру мәселелерін шешу еліміздегі мемлекеттік құжаттар мен маңызды заң актілерінде көрініс тапты. Атап айтқанда, білім беруді ақпараттандыру бойынша ҚР-дың «Білім туралы» (2007 ж.) Заңында [2] мемлекеттік білімдік саясатты іске асырудың маңызды тетігі ретінде бекітілген болатын. Тең ақпараттандыру құқығы, қауіпсіздік, ақпараттың уақытылы және дұрыс болуы, орталықтандырылған басқару жүйесі осының барлығы аталмыш заңның негізгі қағидасына жатады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2014 жылдың қаңтар айындағы өзінің халыққа Жолдауында «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз — белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар» деп атап өтті [3]. Бұл Жолдау арқылы Елбасы ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсарту және заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандарды даярлаудың еліміздің білім саласы үшін маңызын көрсетіп, оны жүзеге асыру үшін талмай еңбек ету қажет екенін тілге тиек етті. Осыдан жаңа технологиялар мен ақпараттандыру үрдісі білім беру жүйесінде жаңа оқыту жолдары мен бағыттарын қалыптастырады деп тұжырымдауға болады. Бұл еліміздің болашағы білімді жастарды тәрбиелеуде және сапалы біліммен қамтамасыз етуде айтарлықтай орын алады және еліміздің экономикалық тұрғыда дамуының бүгінде шарты болып табылады.

Қазіргі қоғамды ақпараттандыру үдерісі ақпараттық технологияларды дамытумен және жаппай таратумен сипатталады. Олар қазіргі білім беру жүйесінде ақпарат беру және оқытушы мен білім алушының өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету үшін кеңінен қолданылады. Осыған байланысты қазіргі мұғалімдер ақпараттық технологиялар саласында білімге ие болып қана қоймай, сонымен қатар оларды өзінің кәсіби қызметінде қолдана білуі керек екенін түсіну қажет [4].

Әлемдік ақпараттандыру үрдісінің дамуы нәтижесінде қоғамда білімді сапалы игерудің жаңа құралы пайда болды. Ашық білім беру ресурстарын құрастыру және ашық қолданысқа ұсыну идеясы негізінен қосымша оқу ретінде немесе мұғалім болмаған жағдайда өздігінен білім алуға ниет білдірумен байланысты дүниеге келді. Ол дәстүрлі білім беру мазмұнынан тыс бағытта құрылады. АББР білім алуда мұғалімге көмекші құрал ретінде де пайдаланылады.

#### *Негізгі бөлім*

Ашық білім беру ресурстары дәстүрлі білім беру жүйесінің мақсат, міндеттері аясындағы сұрақтарға ұқсас мәселелерді көтереді. Алайда, цифрлық технологиялардың қолжетімділігі және ашық лицензиялануы АББР-ды жеке және институционалды білім беру тәжірибесінде кеңінен қолданылуына мүмкіндік береді. Сонымен авторлар тарапынан пайдалануға және қайта өңдеуге еркіндігі бар, оқыту процесінде қолдануға арналған, қолжетімді түрде ұсынылатын материалдарды қазіргі таңда біз ашық білім беру ресурстары деп қарастырамыз. «Ашық білім беру ресурстары» ұғымы 2002 жылы ЮНЕСКО-ның ұйымдастырылуымен өткен «UNESCO Forum on the Impact of Open Courseware for Higher Education in Developing Countries» атты конференциядан кейін кең тарала бастады [5]. Мұғалімдер мен студенттер АББР құрауға да және қолдануға қатысады, сондай-ақ ол осы салаға оқытушылар мен жаңа технологияларды тарту арқылы білім алу және оқыту мақсаттарының орындалуына себеп болуы мүмкін [6]. АББР қызметі жаһандық сипатқа ие болса да, ең ірі және ең көп қаржыландырылған бастамалар негізінен Солтүстік Америка мен Еуропаның дамыған елдерінде жүзеге асырылды. Нәтижесінде, дамушы елдерге тән ресурстық шектеулердің неғұрлым өткір деңгейлері АББР сұранысына және оны қайта пайдалануға кері әсер ететіні сөзсіз.

Ашық білім беру ресурстарына байланысты алғашқы ой ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты 1990-шы жылдардың ортасында пайда болды. Бірнеше жылдарды артқа тастап, 2001 жылы Массачусетс технологиялық институты MIT OpenCourseWare (OCW) жобасы аясында алғашқы ашық білім беру ресурстарының ірі репозиторийін құруға кірісті. «William and Flora Hewlett Foundation» коммерциялық емес ұйымның қаржылық қолдауымен Интернет желісінде университетте оқытылатын пәндер бойынша 9000-нан астам оқу және әдістемелік материалдар жарияланды. Осы орайда, жобаға арналған материалдарды көшіруге, таратуға және түрлендіруге және басқа тілдерге аударуға, сондай-ақ жаңа білім беру ресурстарын дамытуға мүмкіндік беретін ашық лицензияны пайдалану маңызды қадам болды.

Ашық білім беру ресурстарына қарапайым әріптестер тарапынан жасалған және өңделген мәтіндер мен электронды кітаптардан бастап, еркін пайдалануға және қайта өңдеуге лицензияланған жазбалар мен бейнелерге дейінгі барлық материалдарды жатқызуға болады. Баспагерлер әдетте өз өнімдері мен қызметтерін пайдаланғаны үшін үлкен ақы алады, сонымен қатар авторлардың еңбектерін пайдалануға шектеулер қояды, керісінше ашық білім беру ресурстарын қолдаушылардың негізгі мақсаты — материалды барынша тарату, оны барлығына бірдей қолжетімді ету [7].

Оқыту құралдары мен ашық білім беру ресурстары тұжырымдамалары кейінгі уақытта пайда болды және олар өзара байланысты екені баршаға мәлім. Интернет пайда болғанға дейін 1980 жылдары университеттерде цифрлық технологиялар мен сандық мазмұнның қолданысқа көптеп

енуі оқу материалын барынша көбейтуге және оқытушылар арасында таратуға болатындығы туралы мәселені қарастыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, оқыту құралдарына бағытталған бағдарламалаудың сәтті шығуы мұғалімдердің жеке немесе топта тиімді пайдалануға болатын көптеген оқу құралдарының бірегей жүйесін құруға ықпал етті.

Осыған орай, ғылыми әдебиеттерді зерделей келе, ашық білім беру ресурстары туралы алғаш рет 1990 жылдары зерттеушілер Д. Аткинсон, Дж. Браун мен А.Хаммонд тарапынан қолданыс тапқанын байқауға болады және осындай технологияларға келесі сипаттаманы берді: «АББР — бұл еркін қол жеткізуге болатын немесе оларды еркін пайдалануға немесе қайта өңдеуге рұқсат беретін лицензиямен шығарылған оқыту немесе ғылыми ресурстар. АББР — толық курстарды, оқу материалдарын, модульдерді, оқулықтарды, бейнелерді, тестілерді, бағдарламалық қамтамасыз етуді, сондай-ақ білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін пайдаланылған құралдарды, материалдарды немесе технологияларды қамтиды» [8].

Уайли (Wiley) оқыту құралдарының тұжырымдамасы бойынша жұмысты жинақтады, бұл педагог технологтар мен инженер-бағдарламашылардың оқыту объектілерін жобалауға, бірлесіп пайдалануға мүмкіндік беретін жүйелерді, процестер мен модельдерді әзірлеу бойынша елеулі еңбек етуіне ықпал етті [9].

Хатака АББР материалдары ресми де, бейресми де, курстарға тіпті қатысы жоқ материалдар түрінде де ғаламторда ұсынылу белең алып жатқанын байқауға болады деп тұжырымдайды. Уайлидің пікірінше ашық білім беру мазмұнының басым көпшілігі дамыған елдерде жасалады, ал дамушы елдерде ашық білім беру мазмұнын құрастыру бойынша бастамаларда шектеулер бар. Хатака, сондай-ақ дамушы елдердің оқу орындарында ашық және ақысыз білім беру мазмұнын қолдануы өте төмен екендігін мәлімдейді. Олбрайт АББР әлеуетін толық ашу үшін АББР қолданыста жаһандық тепе-теңдік қажет деп тұжырымдайды, яғни онда дамушы елдер тек АББР-ның тұтынушылары ғана емес, сонымен қатар өндірушілер ретінде де қалыптасуы қажет. АББР-ды барынша қолдану үшін осы сала бойынша мұғалімдердің және студенттердің білімін арттыру шарт болып табылады [9].

Бірқатар отандық ғалымдар да осы тақырып төңірегінде біраз зерттеулер жүргізген. Мәселен, профессор Г.К Нургалиева, Е.В. Артыкбаева еңбектерінде «Қазақстан Республикасы үшін ашық білім беру ресурстарын дамытудың ерекше әлеуметтік маңызы бар, өйткені халықтың тығыздығы төмен республиканың бүкіл аумағында, оның ішінде шағын жинақталған мектептерде сапалы жалпы және кәсіптік білім алуға қол жеткізуді қамтамасыз ету, қарқынды өзгеретін экономикалық жағдайда кәсіптік даярлау және қайта даярлау, мүмкіндіктері шектеулі адамдарға білім беру сияқты мәселелерді шешуге көмектеседі» деп көрсетеді [10].

Сонымен қатар, профессор Рахман Алшанов АББР мәселесі төңірегінде «Осы мәселелердің барлығын шешуде, біздің ойымызша, «ашық кафедра», ал кейіннен «ашық университет» құру оң рөл атқарады. Мақсаты — ақпараттық технологиялардың, кредиттік оқыту жүйесінің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, кез келген жоғары оқу орнының ғалымдарын жалпы республикалық педагогикалық қызметке тарту, сондай-ақ жоғары оқу орнының студенттеріне кез келген оқытушының дәріс курсына таңдау мүмкіндігінің болуы. Бұл міндетті шешуде ЖОО қауымдастығы Британдық ЖОО түлектері қауымдастығы тарапынан көмек алады. Жақсы білім алған, ал кейбіреулері Ұлыбританияда жұмыс өтілі бар жас мамандар өз білімдерін отандық студент жастарға беруге тырысады» деп тұжырымдама жасайды [11].

Қазіргі таңда ашық білім беру ресурстары ағылшын тілінде көп таралғандықтан, өзге тілдердегі аталмыш құралдың дамуы маңызды мәселе болып отыр. Мұндағы басты мақсат білім беру мүмкіндіктеріне қолжетімділікті арттыру болмақ. Көптеген тұлғалар дәстүрлі білім алуға қол жеткізе алмайды, алайда бұл білімдер азаматтар үшін өте маңызды және отандық экономиканы дамыту үшін қажет. Инклюзивті және жалпыға міндетті білім алуды қамтамасыз ету үшін барлық мүмкіндіктер мен инновациялық құралдарды қолдану маңызды. Ашық білім беру ресурстары кез келген тұлғаға, кез келген жерде және уақытта оқу материалына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Ол білім алуға байланысты материалдардың тапшылығы мәселесін шешуге көмектеседі. Студенттер ашық білім беру ресурстарын, әсіресе ашық қолданыстағы оқулықтарды тиімді санайды, себебі бұл оқулықтардың электрондық нұсқасы баршаға тегін болады, сонымен қатар басып шығарылған көшірмелері өте төмен бағада ұсынылады.

Осыған байланысты ашық білім беру ресурстарын пайдалану көптеген пәндерді еркін меңгеруде таптырмас көмекші құрал екенін айқын аңғаруға болады. Соның ішінде шетел тілдерін меңгеруде аталмыш әдістің ерекшеліктерін анықтау негізгі мақсат болып отыр.

Педагог оқыту үдерісінде АББР-ды тақырыпты түсіндіруде қосымша тәсіл ретінде пайдалана алады. Бұл грамматикалық ережелерді және жаңа лексикалық материалмен таныстыруда балама құрал болуы мүмкін.

Бұл жағдайда студенттер келесі жұмыс түрлерін атқарады:

– сабақ басталардан бұрын топ студенттері оқытушы көрсеткен материалды өз бетінше оқып-үйренеді және оны аудиторияда талқылайды;

– топ студенттерінің бірі материалды өз бетінше меңгереді және оны қалған білім алушыларға түсіндіреді;

– қосымша білім беру мазмұнын зерттейді және оны аудиторияда бірге талқылайды, зерттелетін тақырып бойынша ең маңызды ақпаратты бөліп көрсетеді [12].

АББР білім алушыға шетел тілі сабақтарында көптеген дағдыларды меңгеруге ықпал етеді. Мәселен, жаттығуларды бірнеше рет орындау арқылы білім алушылар белгілі бір грамматикалық тақырыпты жаттығуларды тиімді және қайта орындау негізінде меңгереді, яғни жаттығады. Сонымен қатар түрлі лексикалық және грамматикалық тесттер арқылы білім алушы өзінің қателерін анықтап, олармен жұмыс істеуге тырысады. Үй тапсырмасының орнына тақырып бойынша электронды түрде эссе жазу да осы АББР-дың тағы бір артықшылығы болып табылады. Өз қатесін түзету мүмкіндігімен қатар, осындай бағыттағы жұмыстарды орындау арқылы білім алушылардың пәнге деген қызығушылығы артады.

Шетел тілі сабағында білім алушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту мәселесі қазіргі таңда маңызды болып отыр. Мәселен, мектеп қабырғасында ұзақ жылдар бойы шетел тілін оқып, алайда сол тілде ойын жеткізе алмайтын тұлғалар бүгінде өте көп. Оған себеп білікті және білімді мамандардың тапшылығы емес, тілді үйретуде білім алушылар тарапынан қызығушылықтың болуына оң ықпал ететін құралдардың жеткілікті деңгейде қолданылмауы. Жоғарыда атап өткендей, білім алуға ең алдымен ынта болу қажет. Қызығушылық болмаған кезде, сапалы білім алу мүмкіндігі төмендейді. Осыған орай, қарым-қатынастық дағдыларды қалыптастыруға әсер ететін құралдардың бірі ретінде АББР-ды қарастырамыз. Мәселен, тілдік дағдыларды дамыту үшін сабақта орындалатын грамматикалық және лексикалық жаттығулар кешені жеткіліксіз. Сөйлеу дағдылары сол үйренген грамматикалық және лексикалық тақырыптар негізінде тыңдау мен сөйлеу (практика) арқылы қалыптасады. Осыған байланысты видео және аудио материалдардың тиімділігін атап өтуге болады. Аталмыш құралдардың шет тілдік сөйлеу дағдыларын дамытуда маңызды орын алатындығы ешқандай дәлелсіз-ақ белгілі. Видео материалдардың аудио материалдардан басты айырмашылығы көру және есту процесі бір мезетте болуында. Мәселен, қысқа бейне фильм ретіндегі берілген материал арқылы ақпарат тез қабылданады. Себебі адам табиғаты кез келген затты көру арқылы ақпаратты тез қабылдайды. Ал енді сол көру үдерісіне естуді қосқанда ақпаратты қабылдау мүмкіндігі екі есе артады. Сондықтан сабақта үнемі видео материалды қолдану болашақта тұлғаның кез келген жағдайда шетел тілінде еркін сөйлеуіне ықпал етеді және өзіне сенімділікті қалыптастырады. Мысалы, бала туғаннан ана тілін ата-анасының сөйлегеніне қарап үйренеді. Ана тілінде кішкентай балаға грамматиканы ешкім үйретпейді. Уақыт өте келе, бала ата-анасының сөздеріне қарап сол грамматиканы автоматты түрде үйреніп алады. Сол секілді шетел тілін меңгеру де грамматиканы және лексиканы үйренуден кейін тек үнемі тыңдау арқылы қалыптасады. Сонымен қатар, тыңдау білім алушыларда болатын фонетикалық білім мәселесін де шешуге көмектеседі.

Ұсынылатын аудио және видео материалдарды оқытушы әртүрлі тапсырмаларды қосу арқылы оларды толықтыра алады. Аталмыш материалдарды білім алушылар назарына ұсынғаннан кейін келесі тапсырмалар түрін орындауға тапсырма беруге болады:

1. Білім алушының ұсынылған аудио және видео материалды қаншалықты түсінгенін тексеру мақсатында ауызша сұрақтардың қойылуы;

2. True/False сұрақтар түрі;

3. Тест тапсырмалары;

4. Сөйлемді қажетті сөздермен толықтыру;

5. Видеоны қалаған жерден тоқтатып, оқушыларға шетел тілінде сол оқиғаның жалғасын баяндауды сұрау және т.б.

Аталған жұмыс түрлерін қолданудың нәтижелігі ашық қолданыста ұсынылатын оқу материалдарын мұқият таңдап, оны оқу үдерісінде тиімді пайдалануға байланысты. Жалпы шетел тілін оқуда үздіксіздік және жүйелілік ұғымдары өте маңызды. Мәселен, үзбей тілді қайталап, оқу нәтижесінде білім алушы үлкен жетістікке жетуі мүмкін. Күнделікті немесе жүйелі түрде материалды қайталау тілге деген бейімділікті қалыптастырады және кейінгі тақырыптарды меңгеру және сол тілде сөйлеу біртіндеп оңайға түседі.

Оқу мазмұнына сәйкес ғаламторда ашық қолданысқа ұсынылатын әртүрлі фото немесе видео материалда берілген ақпараттарға байланысты тұлғалар өз ойларын, пікірлерін білдіру арқылы білім алушыларда өзара ақпарат алмасуға мүмкіндік туындайды. Бұл оқытушылар тарапынан АББР ресурстарын қолданушылардың пікірін және білімін де бағалауға көмектеседі.

Қазіргі кезде білім алушылардың барлығы ғаламторды қолданады. Бұл оқытушылар тарапынан түрлі курстар, электронды оқулықтар, жаттығулар кешені, әртүрлі тақырыптар бойынша презентацияларды ғаламторға жүктеп, білім алушылар еркін қолдана алатындай ашық қолданысқа қою мүмкіндігі бар. Осы арқылы қазіргі таңда АББР тапшылы мәселесін шешуге болады.

### *Тұжырым*

АББР бүгінгі таңда білім алушыларға білім ошағында немесе өздігінен білім алу барысында көмекші құрал болып табылады. Қазіргі технологияның дамыған заманында тұлғалар үшін өздігінен білім алуға барлық мүмкіндіктер жасалған. Сол технологияның бір көрінісі ретінде қарастырылатын АББР шетел тілін үйрену үшін айтарлықтай маңызды, себебі шетел тілін меңгеру қарапайым кітапты қолданумен ғана шектелмейді. Шетел тілін меңгеру өзге елдің мәдениетіне көз жүгірту, онымен танысумен сипатталады. Ал АББР-дың басты артықшылығы, сол тіл әлемін тануға үлкен жол ашуы, яғни шет тілдік сөйлеу дағдыларын дамытуға қажетті ақпаратты тіл иелерінің ашық қолданысқа ұсынған жобаларынан табамыз. Сондықтан тіл үйренушілерге ақпараттандыру үдерісі мақсатқа жетудің негізгі амалы деп қарастырылады.

Қорытындылай келе, шет тілдік сөйлеу дағдыларын дамытуда ашық білім беру ресурстарын қолданудың тиімділігі мұғалім және білім алушы тарапынан тиянақты таңдалған оқу материалдарына байланысты. Бірақ АББР білімді арттыруда қолданылатын автономды, жеке, тиімді ресурс болғандықтан, ол тұлғаларға білім жолында өздігінен ізденуге, жаңа ақпарат алуға мүмкіндік беретін, ал ұстаздар қауымына сабақта тілдік дағдыларды дамытуда қолданатын қосымша құрал ретінде баршаға белгілі. Қазіргі таңда педагогтарға аталмыш құралды сабақтарда қолдануды арттыру өзекті мәселе болып отыр, бұл мәселені шешу арқылы біз білім алушылардың бойында тілдік дағдыларды, оның ішінде ең маңызды сөйлеу дағдыларының қалыптасуына қол жеткіземіз.

### *Әдебиеттер тізімі*

- 1 Үмбетов Ө. Цифрлық білім берудегі бірлескен бастама [Электрондық ресурс] / Ө.Үмбетов // Сыр бойы. — 2018. — № 46–47. — 4 б. — Қолжетімділік тәртібі: [https://syrboyi.kz/wp-content/uploads/files/2018-03/1522422029\\_46-47-19529-19530.pdf](https://syrboyi.kz/wp-content/uploads/files/2018-03/1522422029_46-47-19529-19530.pdf).
- 2 Қазақстан Республикасының Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдегі 319-шы Заңы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_).
- 3 Қазақстан Республикасы Президентінің сайты [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2014-zhylgy-17-kantar](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2014-zhylgy-17-kantar).
- 4 Tleuzhanova G.K. The role of it technologies in the formation of students leadership / G.K. Tleuzhanova, G.B. Sarzhanova, D.K. Zholdanova, Z.A. Eskzinova, D.N. Assanova // Journal of Advanced Pharmacy Education and Research. — 2019. — Vol. 9, No. 2. — P. 89–94.
- 5 Brown J.S. Creating a culture of learning [Электронный ресурс] / J.S. Brown. — London: The MIT Press, 2008. — 18, 19 с. — Режим доступа: <http://mitpress.mit.edu/books/chapters/0262033712pref1.pdf> [Google Scholar].
- 6 Институт ЮНЕСКО по информационным технологиям в образовании. СНГ на пути к образовательным ресурсам. Аналитический обзор [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://iite.unesco.org/pics/publications/ru/files/3214683.pdf>.
- 7 Wiley D. On the Sustainability of Open Educational Resource Initiatives in Higher Education [Электронный ресурс] / D. Wiley // OECD. — Режим доступа: <https://www.oecd.org/education/cei/38645447.pdf>.
- 8 Корнилов Ю.В. Перспективы внедрения открытых образовательных ресурсов: электронное обучение [Электронный ресурс] / Ю.В. Корнилов // SWorld. — 2012. — Т. 2, № 12. — С. 3, 4. — Режим доступа: <https://sworld.education/konfer28/786.pdf>.

9 McGreal R. Online Education Using Learning Objects [Electronic resource] / R. McGreal // Routledge Falmer. — 2004. — Vol. 6, No. 1. — P. 16–17. — Access mode: <https://doi.org/10.4324/9780203964538>.

10 Нургалиева Г.К. Контентное обеспечение информационно-образовательной среды в Республике Казахстан [Электронный ресурс] / Г.К. Нургалиева, Е.В. Артыкбаева // ЮНЕСКО. — 2010. — Режим доступа: <https://www.iite.unesco.org/files/conference2010/Artykbaeva>.

11 Алшанов Р. Виртуальные университеты Казахстана: состояние и перспективы, или как повысить эффективность высшего образования [Электронный ресурс] / Р. Алшанов // Казахстанская правда. — 2009. — С. 5. — Режим доступа: <https://profit.kz/articles/1028/Virtualnie-universiteti-Kazahstana-sostoyanie-i-perspektivi-ili-kak-povisit-effektivnost-visshego-obrazovaniya/>.

12 Бородич С.А. Использование открытых образовательных ресурсов при обучении иностранному языку / С.А. Бородич, А.Н. Тепляковская // сб. тр. Междунар. конф. «Проблемы и перспективы развития образования». — 2006. — Т. 1, № 9. — С. 235–237.

Г.Б. Саржанова, А.Т. Төлеужан, С.М. Турбаева

### **Эффективность использования открытых образовательных ресурсов в развитии навыков иноязычной речи обучающихся**

В статье рассмотрена важность использования открытых образовательных ресурсов (ООР) и необходимость применения данной технологии для формирования навыков иноязычной речи. Понятие открытых образовательных ресурсов впервые появилось в 1990-х гг., но только в 2001 г. в рамках проекта Массачусетского технологического института впервые стали создаваться образовательные ресурсы. Эта технология имеет ряд преимуществ в обучении иностранному языку, но на современном этапе имеются и существенные недостатки. Например, использование ООР обеспечивает бесплатный доступ к учебникам, позволяет эффективно использовать время, повышает интерес и мотивацию обучающихся, а также помогает преподавателям преобразовать занятия. К недостаткам можно отнести качество образовательного ресурса и отсутствие Интернета в некоторых регионах мира. Однако это временная проблема, и в будущем ООР будут применяться во всех странах мира обучающимися. Продуктивным будет развитие навыков иноязычной речи с использованием ООР, поскольку они позволят получить новые знания в рамках зарубежных научных проектов. А развитие иноязычных навыков, несомненно, будет формироваться в результате непрерывного применения различных материалов носителями языка. Актуальным вопросом является частое использование этих материалов преподавателями иностранного языка на уроках. Важным условием для реализации указанной выше проблемы выступает использование ООР, то есть применение эффективного учебного материала будет способствовать формированию у обучающихся необходимых навыков.

*Ключевые слова:* открытые образовательные ресурсы, навыки иноязычной речи, информационные технологии, качественное образование, дополнительное средство, уроки иностранного языка, информатизация, система образования, эффективность.

G.B. Sarzhanova, A.T. Toleuzhan, S.M. Turbaeva

### **Effectiveness of the use of open educational resources in the development of students' foreign language speech skills**

The article discusses the importance of using open educational resources (OER) and the need to use the technology for the development of speaking skills in the foreign language as well. The concept of OER first emerged in the 1990s and Open Educational Resources Movement announced in 2001 that MIT's entire course catalog was being put online and the project was going to be launched at the Massachusetts Institute of Technology in 2002. This technology has a number of advantages. For example, the use of OER provides free access to textbooks, allows maximizing time efficiently, increases the interest and motivation of students and helps teachers transform classes. However, it is difficult to deny the existence of some problems regarding OER. The main disadvantages include the quality of the educational resource and the lack of Internet access in all regions of the world. But shortcomings are a 'temporary issue' and in the future OER will be adapted in all countries of the world to a greater extent. It will be productive to develop foreign language speech skills using OER, since it allows students to acquire new knowledge more quickly and effectively. The developments of such skills will undoubtedly occur directly as a result of the continuing use of various authentic materials and the frequent use of these materials by foreign language teachers in the classes is a topical issue. As a result, teachers may encounter problems related to lack of suitable language teaching materials. An important condition for solving the problem is the use of OER, which helps the teacher to develop students' required skills in the learning process.

*Keywords:* open educational resources, language skills, information technologies, quality of education, education tools, computerization, education system, efficiency, language teaching materials.

## References

- 1 Umbetov, O. (2018). Tsifirlyq bilim berudegi birlesken bastama [Joint initiative on digital education]. *Syr boiy — Syr media*, No. 46–47, 4. Retrieved from <https://syr-media.kz/news/3311-cifirly-bilm-berudeg-brlesken-bastama.html> [in Kazakh].
- 2 Qazaqstan Respublikasynyn Bilim turaly 2007 zhylgy 27 shildedegi 319-shy Zany [319th law of the Republic of Kazakhstan on education]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_). [in Kazakh].
- 3 Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin saity [Website of the president of the Republic of Kazakhstan]. *akorda.kz*. Retrieved from [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-nenzarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2014-zhylgy-17-kantar](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-nenzarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2014-zhylgy-17-kantar). [in Kazakh].
- 4 Tleuzhanova, G.K., Sarzhanova, G.B., Joldanova, D.K., Eskzinova, Z.A., & Assanova, D.N. (2019). The role of it technologies in the formation of students leadership. *Journal of Advanced Pharmacy Education and Research*, 9(2), 89–94.
- 5 Brown, J.S. (2008). Creating a culture of learning. Cambridge, MA: The MIT Press. *Opening up education*. Retrieved from <http://mitpress.mit.edu/books/chapters/0262033712prefl.pdf> [Google Scholar].
- 6 Institut YUNESKO po informatsionnym tekhnologiiim v obrazovanii. SNG na puti k obrazovatelnyim resursam. Analiticheskii obzor [UNESCO Institute for Information Technology in Education. CIS on the way to educational resources. Analytical review]. *iite.unesco.org*. Retrieved from <https://iite.unesco.org/pics/publications/ru/files/3214683.pdf> [in Russian].
- 7 Wiley, D. (2007). On the Sustainability of Open Educational Resource Initiatives in Higher Education. *oecd.org*. Retrieved from <http://www.oecd.org/education/cei/38645447.pdf>.
- 8 Kornilov, Yu.V. (2012). Perspektivy vnedreniia otkrytykh obrazovatelnykh resursov: elektronnoe obuchenie [Prospects for the introduction of open educational resources: e-learning]. *Sworld*, Vol.2, 12, 3, 4. Retrieved from <http://www.sworld.com.ua> [in Russian].
- 9 McGreal, R. (2004). Online Education Using Learning Object. Routledge Falmer: London and New York. *irrod.org*. Retrieved from: <https://doi.org/10.4324/9780203964538>.
- 10 Nurgalieva, G.K., & Artykbaeva, E.V. (2010). Kontentnoe obespechenie informatsionno-obrazovatelnoi sredy v Respublike Kazakhstan [Content support of the information and educational environment in the Republic of Kazakhstan]. *iite.unesco.org*. Retrieved from <https://www.iite.unesco.org/files/conference2010/Artykbaeva> [in Russian].
- 11 Alshanov, R. (2009). Virtualnye universitety Kazakhstana: sostoianie i perspektivy, ili kak povysit effektivnost vycshego obrazovaniia [Virtual universities of Kazakhstan: the state and prospects or how to improve the efficiency of higher education]. *profit.kz*. Retrieved from <https://profit.kz/articles/1028/Virtualnie-universiteti-Kazakhstana-sostoyanie-i-perspektivi-ili-kak-povysit-effektivnost-visshego-obrazovaniya/> [in Russian].
- 12 Borodich, S.A., & Teplyakovskaya, A.N. (2006). Ispolzovanie otkrytykh obrazovatelnykh resursov pri obuchenii inostrannomu yazyku [Use of open educational resources in teaching a foreign language]. Problems and Prospects of Education Development. *Sbornik trudov Mezhdunarodnoi konferentsii — Proceedings of the International Conference*, 1, 235–237 [in Russian].